



## БҰЙРЫҚ

2019 ж 12 қараша  
Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 628  
город Нур-Султан

**«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының  
директорлар кеңесінің  
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының 3-тармағына, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жарғысының 42-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 7 қарашадағы № КГИП-5-9099-КГИП-4712 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 222 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі Қоғам) Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы 9 (тоғыз) адам болып айқындалсын;».

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына:

1) Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілі;

2) Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлы - тәуелсіз директоры болып сайлансын.

3. Жақсылық Ақмырзаұлы Досқалиевтың, Ғалымжан Алмасбекұлы Елеуовтің өкілеттілігі тұтас алғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады деп айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Ботагөз Шаймарданқызы Жақселековаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі**



**Е. Біртанов**